

БЕКІТЕМІН:

**ЖШС «Бану-Түркеш» бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі
Б.С. Умирзакова**



Ересек топ перспектива Ақпан

Айы	Ұйымдастырылған-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Күтілетін нәтиже
Ақпан	Дене шынықтыру	Негізгі қимылдар: жүруді жүгірумен алмастырып жүру; бөрененің бойымен жүру, қолды екі жаққасозып, жыланша жүгіру; 50 сантиметр биіктікте ілінген арқанның астынан еңбектеу; төрт тағандап еңбектеу, 4–5 сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 сантиметр) секіру; допты кедергілер арқылы бастан асыра екі қолымен және бір қолымен лақтыру (2 метр қашықтықтан). Ырғақтық жаттығулар: Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау. Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу, Отырған қалыпта екі аяқты жоғары көтеру, бұғу және жазу, төмен түсіру. Аяқтың ұшын созу, өкшені айналдыру. Спорттық жаттығулар: шаңғымен бірінің артынан бірі жүру; Қимылды ойындар: Секіргіштермен ойналатын қимылды ойындар. Дербес қимыл белсенділігі: Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту. Салауатты өмір салтын қалыптастыру: Денсаулық - зор байлық» сөзінің мәнін түсіну, өзінің жасаған іс-әрекетінің ағзаға әсерін, тістерді тазалаудың пайдасын, суық тимеудің алдыналуға болатынын түсіну. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру: Тамақты асықпай шайнауға үйрету. Сауықтыру шаралары: Тыныс алу жолдарын шынықтыру.	жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүреді;
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Дикция бойынша жұмысты жалғастыру.	зат есімдерді сын

		Сөздік қор:Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз), заттардың орналасқан жерін (сол, оң, қатар, жанында, арасында) бекіту. Тілдің грамматикалық құрылымы: жекеше және көпше түрде сөздерді қолдануға үйрету. Байланыстырып сөйлеу:бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға үйрету.	есімдермен байланыстырып айтады; өзі зерттеген заттарды, суреттерді сипаттайды
Көркем әдебиет		Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау, мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға үйрету.	әдеби кейіпкерлердің әрекеттерін бағалай алады; шығарма мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтайды.
Қазақ тілі		Тілдік дамытушы орта Өз бетінше кітаптарды қарауға үйрету Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Қазақ тіліне тән ә, ө дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу Сөздік қор төрт түлік атауларын дұрыс айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру Тілдің грамматикалық құрылымы Сөз тіркесін құрастыруға үйрету Байланыстырып сөйлеу Шағын шығармаларды мазмұны бойынша қайталап айтуға баулу	Өз бетінше кітаптарды қарайды. Ә дыбысын өздігінен дұрыс айтады. Төрт түлік атауларын дұрыс айтады. Шағын шығармаларды мазмұны бойынша дұрыс қайталап айтады.
Математика негіздері		Сан, санау:теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. Шама:Салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа, Геометриялық пішіндер: Сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау.	Теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарға ие.
Музыка		музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету. әнді тыңдауға ынталандыру, жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен), музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен). қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгертуді үйрету.	Музыкалық шығарманы тыңдайды. әндерді сүйемелдеумен орындайды музыканың ырғағын нақты береді, қос аяқпен еркін және жеңіл

		Жеңіл, ырғақпен қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау; билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану.	секіреді;
Құрастыру		Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау Қағаздан құрастыру: Қағаздың қырларын біріктіру, желімдеуге үйрету. Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру: Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып құрастыру.	құрылыс бөлшектерін ажыратады және атайды, оларды құрылымдық қасиеттерін ескере отырып пайдаланады;
Сурет салу		Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау.	сурет салуда әртүрлі түстерді қолданады, көп түске назар аударады; суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояу тәсілдерін біледі;
Мүсіндеу		Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу	ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына қарапайым композициялар құрастырады
Жапсыру		Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржынмен таныстыру.	қазақ оюларының бөліктерінен, өсімдік және геометриялық пішіндерден өрнектер жасайды, оларды кезектестіріп ретімен желімдейді;
Қоршаған ортамен таныстыру		Бала, оның отбасы, үйі: Мектеп туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (мектепке баруға ынтасын, қызығушылығын арттыру). Заттық әлем: Көлік түрлері және қолданылуы машинаның жабдықтарына байланысты екені туралы (жедел жәрдем, өрт сөндіру машинасы) туралы білу. Еңбекке баулу: нан салғыштарды, кружкаларды, тәрелкелер мен майлықтарды, ас құралдарын (қасықтар, шанышқылар) ретімен қою. Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасау, оларды суару, жапырақтарды жинау, ауладағы гулдерді суару, қыстайтын құстарды қоректендіру.	сыпайы түрде өз өтінішін білдіреді, көрсеткен қызметі үшін алғыс айтады; өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларына ие; көшеде, аулада, алаңда, мектепке дейінгі ұйым аумағында

	Адамгершілік және патриоттық тәрбие:Қарапайымдылыққа, мейірімділікке тәрбиелеу. Менің Отаным – Қазақстан:Қазақстан Республикасының бас қаласы – Астана қаласы. Жолда жүру ережелері:Балаларды жол қозғалысы ережелерін саналы түрде сақтауға үйрету. Өлі табиғат құбылыстары мен заттары:Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау күннің суықтығынан жердегі қар мұзға айналды.т.б. Өсімдіктер әлемі:Өсімдіктердің даму кезеңдері (тұқым, көшет, сабақ, жапырақ, гүл, тұқым) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру Жануарлар әлемі:қыста - құстарды қоректендірудің қажеттігі, Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормалары:Қоршаған ортада және табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін сақтау.	қауіпсіз мінезқұлық ережелерін сақтайды;
--	---	--